

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау министрлігі**  
**Фармация комитеті Төрағасының**  
**2018 жылғы “ 13 ” 07**  
**№ N015971 бұйрығымен**  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Медициналық мақсаттағы бұйымды медицинада қолдану**  
**жөніндегі нұсқаулық**

**Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы**  
**ХИЛО-ГЕЛЬ, көзге тамызатын дәрі құтыда 10 мл-ден**

**Бұйымның құрамы мен сипаттамасы**  
ХИЛО-ГЕЛЬ көзге тамызатын дәрісінің 1 мл құрамында:  
натрий гиалуронаты - 2 мг, цитратты буферлік ерітінді, сорбит, су бар.

ХИЛО-ГЕЛЬ – бұл стерильді, құрамында консерванттар мен фосфаттар жоқ, офтальмологиялық қолдануға арналған ерітінді.

ХИЛО-ГЕЛЬ гиалурон қышқылы натрий тұзы бар (натрий гиалуронаты), ол физиологиялық жағынан адамның көз тіндерінде және басқа да ағзаларында кездеседі. Натрий гиалуронатының көз беткейіне шаюға бір текті және күшті лубрицирлейтін үлбірді түзуге жол беретін бірегей қасиеттері бар. Осының салдарынан, көз қырағылығын нашарлатпастан, тамшының ылғалдағыш әсері ұзақ болады. ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларының құрамында натрий гиалуронатының көп мөлшері бар, ол оларды едәуір тұтқыр етеді және, соған сәйкес, көзді қарқынды, тегіс және тұрақты ылғалдағыш үлбірмен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге тұрақты немесе құрғақтықтың едәуір ауыр симптомдары жоғалады, және көз одан кейінгі тітіркенуден қорғалған.

Офтальмологиялық хирургиялық араласулардан немесе көз зақымдалғаннан кейін көз жасының физиологиялық түзілуі төмендеуі мүмкін. Алайда, көз тіндері беткейлерінің қайта қалпына келуі үшін тұрақты және жеткілікті лубрикация қажет. ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларын қолданған кезде көздің мөлдір қабығы мен конъюнктивасына қосымша ылғалдау мен лубрикация қамтамасыз етіледі және осылайша физиологиялық жазылу үдерісінің оңтайлануына жетеді.

ХИЛО-ГЕЛЬ тамшылары арнайы ауа өткізбейтін «КОМОД» жүйесінің контейнеріне салынған, ол құты ішіндегісінің стерильділігін қамтамасыз етеді және көлемі бірдей тамшылардың шығуын қамтамасыз етеді.

**Қолданылу саласы**

- көздің мөлдір қабығы мен конъюнктиваларын қарқынды терапиялық ылғалдау және көздің құрғауын («құрғақ көз» синдромы) симптоматикалық емдеу үшін;
- көздің мөлдір қабығының беткейлік эрозиясы және офтальмологиялық хирургиялық емшаралардан кейінгі көз беткейін күту үшін.

### **Қолдану тәсілі**

Әр көздің конъюнктивальді қабына күніне 3 рет 1 тамшыдан тамызу керек. Қажет болған жағдайда тамшылату жиілігін арттыруға болады. Қолдану жиілігі офтальмолог-дәрігердің ұсынысы негізінде жеке белгіленеді. ХИЛО-ГЕЛЬ-ді тамызу жиілігін едәуір арттыру (мысалы, тәулігіне 10 реттен көп) офтальмолог-дәрігердің шешімімен және бақылауымен жүргізуге рұқсат беріледі.

Егер дәрігер тыйым салмаса, ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларын қатты немесе жұмсақ жанаспалы линзаларды тағып жүріп те қолдануға болады. Алайда, мұндай жағдайларда жанаспалы линзалардың кейбір бұлыңғырлануы болуы мүмкін, ол бірнеше рет көзді ашып-жұмған соң жоғалып кетеді.


ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларында консерванттар болмағандықтан, ол ұзақ қолдануға жарамды.

«КОМОД» контейнері 10 мл ерітіндіні шығаруға арналған, ол шамамен 300 тамшыға сәйкес келеді. Техникалық себептерге байланысты пайдалану соңында құтының ішінде тамшының аздаған мөлшері қалады.


ХИЛО-ГЕЛЬ тамшылары бар құты жеке пайдалануға арналған.

### ***ХИЛО-ГЕЛЬ көзге тамызатын дәріні қолдану жөніндегі ұсынымдар***


ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларын бірінші пайдаланар алдында, картон қорапты алғаш ашқанда, заттаңбасы зақымдалмағанын тексергеннен кейін ғана пайдалануға болады.




Қолданар алдында құтыдан қалпақшасын шешіңіз. Бұл үшін қалпақшаны бір қолмен ұстаңыз, ал екіншісімен айналмалы қозғалыстың көмегімен құтыны тартыңыз. ХИЛО-ГЕЛЬ құтысын алғаш қолданар алдында ұштығын төмен қаратып төңкеріңіз, және ұштық саңылауынан бірінші тамшы пайда болғанша контейнердің түбін басыңыз. Енді контейнер келесі пайдалануға дайын.




Бас бармақпен құтының шығыңқы жерінен және қалған саусақтармен - контейнердің түбінен ұстай отырып, контейнерді түбін жоғары қаратып ұстап тұрыңыз.



Құтыны ұстап тұрған қолыңызды суретте көрсеткендей басқа қолыңызбен деменіз.



Басыңызды ақырындап артқа қарай шалқайтыңыз, астыңғы қабағыңызды абайлап тартыңыз және күшті және жылдам қозғалыспен контейнердің түбін басыңыз. Бұл **бір** тамшыны шығару үшін механизмді белсендіреді. «КОМОД» жүйесінің арнайы клапанының арқасында контейнердің түбіне қандай күш жұмсалғанына қарамастан, тамшының көлемі мен босап шығу жылдамдығы бірдей болады. Сұйықтық көз беткейінде бір қалыпты тарауы үшін, көзіңізді ақырындап жұмыңыз.



Пайдаланғаннан кейін тез арада құтыны қалпақшасымен жабыңыз. Тамызғыш ұштығының құрғақтығына көз жеткізіңіз.

Тамызу кезінде құты ұштығының көзбен немесе терімен қандай да бір жанасуына жол бермеңіз.

### Жағымсыз әсерлері

ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларының құрамында консерванттар болмағандықтан, оларды тіпті ұзақ қолданғанда да жақсы көтеруге болады. Сонымен қатар, ХИЛО-ГЕЛЬ құрамында фосфат жоқ, ол көздің мөлдір қабығында ерімейтін қабаттар түзілуіне байланысты болуы мүмкін асқынуларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Өте сирек жағдайларда асқын сезімталдық реакциялары жайлы хабарланды, олар ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларын қолдануды тоқтатқаннан кейін бірден жоғалып кететін ашытып-күйдіру немесе көп жас ағу.

### Қолдануға болмайтын жағдайлар

- көзге тамызатын дәрінің кез келген компоненттеріне асқын сезімталдық

### Айрықша нұсқаулар

Басқа офтальмологиялық препараттарды бір мезгілде қолдану жағдайында кем дегенде 30 минуттық аралықты ұстану керек, әрі ХИЛО-ГЕЛЬ-ді **әрдайым** ең соңында тамызу керек. Алайда, көзге арналған жақпамайларды ылғида ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларын тамызғаннан **кейін** ғана жағу керек.

Жанаспалы линзаларды күтуге арналған өнімдер мен ХИЛО-ГЕЛЬ тамшыларының арасында өзара әрекеттесулермен негізделген

сыйымсыздық реакциясының дамуын болдырмас үшін, жанаспалы линзаларды тақаннан кейін 30 минут бойы ХИЛО-ГЕЛЬ-ді тамызуға болмайды.

Қазіргі деректерге сәйкес ХИЛО-ГЕЛЬ-ді балаларға, жүкті әйелдерге және бала емізетін әйелдерге қолдануға болады.

### **Сақтау шарттары**

Бөлме температурасында сақтау керек (25 °С-ден жоғары емес).

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Жарамдылық мерзімі**

3 жыл

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды (🚫).

Алғаш пайдаланғаннан кейінгі жарамдылық мерзімі – бөлме температурасында (25°С-ден жоғары емес) сақталған кезде 6 ай.

**Медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруші ұйымның атауы, заңды мекенжайы, өндірістің орналасқан мекенжайы**



URSAФАРМ Арцнаймиттель ГмбХ

Индустриештрассе 35, 66129 Саарбрюкен, Германия



**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:**

«Nova East Pharm Kazakhstan (Нова Ист Фарм Казахстан)» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Панфилов к-сі 98, 507 кеңсе

Телефон: +7 (727) 221 90 91

E-mail: [office@eastpharm.eu](mailto:office@eastpharm.eu)